

1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында Мемлекеттік Статистиканы жетілдіру бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 қазан N 1244. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 қаңтардағы N 56 қаулысымен бекітілген "1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл жоспары және 1996 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды жоспарына" сәйкес халықаралық тәжірибеде танылған әдістер мен мәліметтерді өңдеудің қазіргі заманғы ақпараттық-технологиялық құралдарын енгізудің негізінде республика экономикасының өтпелі кезеңінің талаптарын ескере отырып, экономиканың нақты саласының статистикасын одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында Мемлекеттік статистиканы жетілдіру бағдарламасы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті:

екі ай мерзім ішінде өз құрылымын Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне сай келтіру жөнінде ұсыныс енгізсін;

жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаны жүзеге асырудың барысы туралы баяндап отыратын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі жыл сайын республикалық бюджеттен Бағдарламаның жүзеге асырылуы үшін қажетті қаражат бөлуді көздерсін.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

орынбасары

У Т В Е Р Ж Д Е Н А

постановлением Правительства

Республики Казахстан

от 8 октября 1996 г. N 1244

П Р О Г Р А М М А
совершенствования государственной статистики
в Республике Казахстан на 1996-1998 годы
(қазақша ресми аудармасы жоқ, орысша мәтіннен қараңыз)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК